

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
АСАНОВА Ұлмекен Отарқызының
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА
2022

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

Жалпы редакциясын басқарған:
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы
Филология ғылымының кандидаты, профессор

Жауапты шығарушылар:
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған **«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар»** атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

Мұғалімнің барлығы да «сегіз қырлы, бір сырлы» болуы керек қой. Бұл мамандықтың ерекшелігінің өзі осында емес пе?! Көп мұғалімнің бойында актерлық және ақындық қабілеттері болатыны белгілі. Сабақ барысында осындай шығармашылық қабілеттерін Ұлмекен апайымыз ретімен қолданатынына өзіміз де бірнеше рет куә болғанбыз. Мүмкін оның бір сыры апайымыздың жас кезінде домбырамен ән айтуды жанындай жақсы көргендігінен болар, бәлкім? Университетте студенттер айтысына қатысып «ақын қыз» атанғаны, кейін мектепте мұғалім болып жұмыс істеп жүргенде де аудандық, облыстық, республикалық айтыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болғаны шығармашыл болмысын қалыптастырғаны айдан анық. Қазір де қолы қалт еткенде өлең жазатын және көңілінде жүрген ішкі жан дүниесін шертетін әңгімелер де жазып қоятын әдеті ұстаздығына қоса табиғи дарынан паш етеді. Біздің қолымызға қалам алып, апайымыз туралы ізгі ойымызды жазуға түрткі болған осы жағдайлардың бәрі де Ұ.О.Асанованың мерейлі 60 жасына сара жолмен, зор абыроймен жеткеніне тағы бір дәлел бола алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Асанова Ұ.О. Қазақ тілін оқытуда аудиовизуалды материалдарды пайдаланудың тиімділігі // Педагогическая наука и практика. № 2(32). 2021.- Б. 43-48. ISSN 2312-8399

2. Асанова Ұ.О. Бағалау – білім сапасын басқарудағы негізгі өлшем Совершенствование методики обучения языкам: площадка обмена прогрессивной практикой // материалы III Международного научно-методического онлайн-семинара (Казань – Астана – Измир, 20 февраля 2019 г.) -Б. – 10-17. Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2019.

3. Асанова Ұ.О. Студенттердің білімін тексеруде Kahoot қосымшасын пайдаланудың тиімділігі //Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал: Қазақстанның ғылымы мен өмірі. –Алматы 2019. - № 7/1

4. Асанова Ұ.О. Интерактивті технология – білім сапасын арттырудың тиімді жолы //«Филологиядағы фундаменталь зерттеулер және оқытудың инновациялық мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн және офлайн конф.материалдары. Нөкіс: НМПИ баспасы, 2022. -Б. -4-7

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ Ұ.О АСАНОВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Әділбек А., ф.ғ.к., доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

amangul_a69@mail.ru

Аннотация. Мақалада п.ғ.к., профессор Ұ.О.Асанованың басылып шыққан оқулықтары мен оқу құралдарының әдістемелік құрылымы және оларда қолданылған тілдік материалдар негізінде қазақ тілін екінші тіл ретінде

оқытуға бағытталған коммуникативтік әдістеменің ерекшеліктері қарастырылады.

Кілт сөздер: ғылыми-әдістемелік еңбектер, қазақ тілін оқыту әдістемесі, деңгейлік оқыту мен дамыта оқыту технологиясы, «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешені

Аннотация. В статье рассматриваются методическая структура изданных учебников и учебных пособий к.п.н., профессора Асановой У.О. и особенности коммуникативной методики, направленной на изучение казахского языка как второго языка на основе использованного в них языкового материала.

Ключевые слова: научно-методические труды, методика преподавания казахского языка, технология уровневого обучения и развивающего обучения, уровеньный учебно-методический комплекс «Казахский язык»

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Ұлмекен Отарқызы бар саналы ғұмырын шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, еліміздің білім мен ғылым саласының дамуына үлес қосып жүрген ұлағатты ұстаз.

Еңбек жолын 1985 жылы қазақ орта мектебінде қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған ұстаз-ғалым бүгінгі күнге дейін тынбай еңбектеніп келеді. 1988 жылдан бастап жоғары оқу орнында (Қызылорда пединститутының бастауыш және мектепке дейінгі педагогика кафедрасында) еңбек ете бастаған. 1990 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті) аспирантурасына өндірістен қол үзіп оқу нысаны бойынша (күндізгі бөлім) қабылданып, 1994 жылы «Қазақ халқының айтыс өнері арқылы оқушыларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды.

Өз ісіне адал, еңбекқор, жоғары мәдениетті ғалым Ұлмекен Отарқызы еліміздің бірнеше іргелі жоғары оқу орындарында қызмет етті. Соның бірі – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің практикалық қазақ тілі кафедрасы. 2014-2016 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология факультеті практикалық қазақ тілі кафедрасының доценті, 2016 жылдан осы уақытқа дейін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры.

Ғалым Ұлмекен Отарқызы тілдің әдістемесі ғылымында елеулі еңбек етті, бүгінде 150-ге жуық ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы. Ғалымның ғылыми-әдістемелік еңбектерінің бағыты – қазақ тілін оқыту әдістемесі, қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін) болып табылады. Ғалымның авторлық бірлікте жазылған 1 монографиялық еңбегі (Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін) мен 40-тан астам оқу-әдістемелік кешендері, оқу құралдары бүгінде еліміздің білім беру саласында маңызын жоймай оқытылуда. Мәселен, Заң факультетінің студенттеріне арналған Қазақ тілі оқулығы, оқу орыс тілінде жүретін жалпы білім беретін мектептің 5-11 сыныптарына арналған Қазақ тілі

деңгейлік оқу-әдістемелік кешендері, мемлекеттік қызметшілерге арналған Қазақ тілі оқулықтары, орыс тілді топтарға арналған Қазақ тілі оқу құралы, Аудиовизуалды оқу құралы және қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы, Қазақ халқының салт-дәстүрлерін оқыту әдістемесі, құқықтану мамандығында оқитын орыс тілді топтарға арнаған «Кәсіби қазақ тілі» оқу-әдістемелік құралдары және жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған В1(орта деңгей), В2-1 (ортадан жоғары деңгей) оқу құралдары секілді тағы басқа да еңбектерін атап көрсетуге болады.

Ұ.О.Асанова 2011-2014 жылдарда Астана қаласында ашылған Түркі академиясында аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер болған. 2012 жылы авторлық ұжым «Түркі оқулықтары» айдарымен туыс тілдерді оқыту әдістемесіне арналған «**Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі**» (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін) атты монографияны жарыққа шығарды. Ғылыми еңбекте туыс тілдердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ұқсастықтары мен жақындығын салыстыра отырып үйрету мәселелері жан-жақты қарастырылады. Қазақстандық әдістеметануда қазақ тілін екінші тіл, шет тілі ретінде оқытуға бағытталған еңбектер баршылық, дегенмен де бұл еңбекті туыстас түркі тілдерін үйретуге арналған, оны оқытудың заманауи тиімді әдіс-тәсілдерін ұсынған тұңғыш теориялық еңбек деуге болады. Авторлық ұжым алғашқы болып туыстас халықтардың тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік зерттелуін таразылап берді. «Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі» еңбегінің түркітанушылар, түркі тілдерін салыстыра зерттеушілер, жалпы филологтар мен тіл үйренушілер үшін маңызы зор деген ойдамыз.

Сонымен қатар, Ұлмекен Отарқызы Түркі академиясының жыл сайын 6 тілде жарық көріп отырған «Түркілік тәрбие» антологиясы (2013), «Түркі өнері» антологиясы (2014), «Түркі альманахы. Ғылыми-көпшілік альманахы» (2014) ғылыми еңбектерінде редакторлық (жауапты редактор, аудармашы-редактор) жұмыстар атқарған.

Әдіскер-ғалым Ұлмекен Отарқызы өзінің өмірлік, ұстаздық тәжірибесіне сүйене отырып, мектеп оқулықтарын жазуда да елеулі еңбек етті. Ғалым авторлық бірлікте әзірленген оқу орыс тілінде жүретін жалпы білім беретін мектептің 5-11 сыныбына арналған «**Қазақ тілі**» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің авторларының бірі. Ұжымдық топ «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу барысында тілді оқытудағы деңгейлік оқыту мен дамыта оқыту технологиясының әлемдік тәжірибелерін талдай отырып, тіл үйретудің озық технологияларын пайдаланады және қазақ тілін оқытуда халықаралық стандартқа негізделген 6 деңгейлік оқыту жүйесі басшылыққа алынып, оқу кешенінде қазақ тілінің ерекшеліктеріне сәйкес коммуникативтік бағытта оқытып-үйрету мақсаты көзделген. Сондай-ақ, оларға ұлттық-танымдық мәні бар «Табалдырық», «Босаға», «Төр», «Шаңырақ», «Бәйтерек», «Қазақ елі» деген атаулар беріліпті.

«Табалдырық» атауы қарапайым деңгей үшін алынған шартты атау;

«Босаға» – қарапайым-орта деңгей атауы;

«Төр» – базалық деңгей деген түсінікті білдіреді;
«Шаңырақ» – негізгі деңгей көлемін танытатын шартты атау;
«Бәйтерек» – жоғары (I) деңгей атауы;
«Қазақ елі» – жоғары (II) деңгей атауы;
«Қазақ елі» – жоғары (III) деңгей атауы.

Авторлық ұжымда жазылған «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешені төмендегідей бөліктерді қамтиды:

1. «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің Стандарты.
2. «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің Оқу бағдарламасы.
3. Қазақ тілі. Негізгі оқулық.
4. Қазақ тілі. Тілдік тұғыр (грамматикалық анықтағыш және коммуникативтік жаттығулар).

5. Қазақ тілі. Жұмыс дәптері.
6. Қазақ тілі. Оқу әдебиеттік кітабы.
7. Қазақ тілі. Мұғалім кітабы.

«Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешеніне қосымша оқу құралдар:

8. Оқу сөздігі.
9. Дидактикалық-иллюстрациялық материалдар.
10. Қазақ тілі. Негізгі оқулықтың аудиокұралы.
11. Қазақ тілі. Бейнебаян.

12. «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешеніне қосымша Әндер топтамасы (10 ән)

Ғылым мен білім саласында, әсіресе оқу орыс тілінде жүргізілетін орта мектептердегі қазақ тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсына отырып жазылған бұл қомақты еңбектер еліміздің жалпы орта білім беру саласына өзіндік үлесін қосты деуге толық негіз бар. Осы еңбектерінің барлығы Ұ.О.Асанованың ізденгіш ұстаз, тәжірибелі педагог екенін айғақтайды.

Келесі еңбек 2013 жылы авторлық бірлікте ұсынылған **«Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешені** оқу кітабы, тест, бейнебаян бөліктерінен тұрады. Бұл еңбек қарапайым, базалық, жоғары деңгейлер бойынша әзірленген мемлекеттік қызметшілерге арналған оқу-әдістемелік кешен болып табылады.

Ұлмекен Отарқызының әдістемелік еңбектерінің бір саласы – жоғары оқу орындарындағы қазақ тілін оқыту жайында. Алғашқы оқулықтарының бірі – **«Қазақ халқының салт-дәстүрлерін оқыту»** атты оқу құралы ЖОО-ның өзге тілді дәрісханаларындағы орташа және жалғас топтарға арналған. Бұл еңбек «Қазақ тілі» атты негізгі оқулықтың елтану бөлігі тақырыптарын оқытуға арналған қосымша оқу құралы болып табылады. Оқу құралында қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар, тыйым сөздер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, т.б. тақырыптар берілген. Мақсаты – студенттерді халықтың рухани байлығымен таныстырып, оларды сөйлеу тілінде қолдана білуге машықтандыру.

Қазақ тілі (заң факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы) 2001, **«Заң терминдерінің қазақша-орысша сөздігі»** (2000) және құқықтану мамандықтарының студенттеріне арналып жазылған **Қазақ тілі** оқулығы

(2017), **Кәсіби қазақ тілі** (2019) оқу-әдістемелік құралдары мамандыққа бейімдеп оқытуда тиімді құрал ретінде қолданылып келді. Заң және құқықтану мамандықтарында білім алушылардың кәсібіне қатысты кәсіби-танымдық әрекеттері арқылы қазақша сөйлеуін, жазуын, баяндауын жетілдіріп және кәсіби лексикалық қорын дамытуды мақсат еткен бұл оқулықтар кәсіби қазақ тілі пәнінен қаншама сұраныстарды қанағаттандырды. Бұл орайда, автордың ізденісін жоғары бағалаймыз.

Ғалымның келесі оқулық, оқу құралдары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынып, жарық көрген еңбектері: Қазақ тілі: **Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы** (2017), **Қазақ тілі: Тыңдалым бөлігі** (2017), 2021-2022 жылдары авторлық бірлестікте жарық көрген **Қазақ тілі (B1 деңгейіне арналған оқу құралы), Қазақ тілі (B2-1 деңгейіне арналған оқу құралы)**. Соңғы екі оқу құралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы «Қазақ тілі» жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына негізделіп жазылған. Бұл оқу бағдарламасының авторларының бірі де – Ұ.О.Асанова. Бүгінгі таңда университетіміздің оқу орыс тілінде жүргізілетін барлық мамандықтарының 1 курсына оқу топтары 1 және 2 семестр бойы осы оқулықтармен білім алуға.

Авторлық бірлікте жазылған Ұлмекен Отарқызының жоғары оқу орындарының орыс топтарының B1 (орта деңгей) және B2-1 (ортадан жоғары) деңгейлеріне арналып жазылған оқу құралдарының оқу материалдарында жүйелілік, бірізділік, ғылымилық, өзара сабақтастықта оқыту және деңгей талаптарына сай жеңілден күрделіге қарай өту принциптері басшылыққа алынған. Сонымен қатар, бұл оқу құралдары қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың соңғы лингвистикалық және әдістемелік жетістіктеріне сүйене отырып, қазақ халқының өнер, білім, ғылым, салт-дәстүрлері мен әдеби стильдерді танытатын танымдық бағыттағы мәтіндері мен соларға негізделген тапсырмалар, тест, жаттығу жинағының түрлерін толық қамтыған. Тіл меңгеру талаптарына орай деңгейлік-коммуникативті бағдарлы әдістер қолданылған. Аталмыш оқу құралдары мен оқулықтарының тіл үйренушілер мен осы салада еңбек етіп жүрген оқытушылар қауымының оң тәжірибе жинақтап, әдістемелік тұрғыдан жетілуіне өзіндік үлес қосады деуге толық негіз бар.

Ұ.О.Асанова 2018 жылы Ұлттық тестілеу орталығы баспадан шығарған **«Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумының»** құрастырушы авторларының бірі. Бұл – ҚАЗТЕСТ жүйесінің маңызды компоненттерінің бірі болып саналады және шет тілін үйренудің әлемдік және еуропалық стандарттарының ұстанымдарына, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған. Лексикалық минимумның кешенділігі оның тақырыптық, фразеологиялық, орфографиялық, грамматикалық, акцентологиялық, аударма, терминологиялық сөздіктердің сипаттарын қамтығандығында. Лексикалық минимум функциясының құрамына ақпараттық, анықтамалық, бағыттаушылық, оқыту функциясы да кіреді. Лексикалық минимум қазақ тілін екінші тіл ретінде, қазақ тілін шет тілі ретінде үйренушілерге, ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша

емтиханға дайындалушыларға, оқытушыларға, оқу құралдарын әзірлеуші авторларға, зерттеушілер мен ғалымдарға, ізденушілер мен жоғары оқу орнының студенттеріне, сонымен қатар көпшілік оқырман қауымға арналған.

Заманауи құралдарды қазақ тілін сапалы оқытуда қолдану әрдайым өзекті болып табылады. Тілді оқыту үдерісінде тіл үйренушінің қатысымдық және әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында аудиовизуалды оқу құралдын пайдалану өте тиімді болмақ және оның тіл үйретудегі рөлі, тиімділігі өте жоғары екендігі әдістеме ғылымында дәлелденген. Осы орайда, Ұлмекен Отарқызының авторлық бірлікте жазылған жоғары оқу орындарының барлық бағыттарындағы факультеттерінің орыс бөлімдерінде оқитын студенттеріне арналған **«Аудиовизуалды оқу құралында»** (Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» университеті, 2020. – 94б) әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси, оқу-кәсіби, экономика, денсаулық және т.б. салаларды қамтитын лексикалық тақырыптар жүйелі түрде берілген. Ол 18 бейне материалдан тұрады. Бұл еңбекте дыбыс пен көріністі пайдалана отырып білімгерлердің көру және есту (тыңдау) қабілетін дамыту, визуалды материалдың мазмұнын түсіну, түсінгенін айта білу, яғни, дұрыс сөйлеуді үйрету мақсаты көзделген. Оқу құралында ұсынылған бейне материалдар мен инновациялық жаттығулар студенттердің коммуникативтік біліктілігін дамытуға бағытталған.

Еңбектің тағы бір ерекшелігі ол оқу үдерісінің талабына сәйкес қайта монтаждалып дайындалған. Демек, заманауи озық технологияларға негізделіп, әдістемелік талаптарға сай жазылған еңбек екендігі даусыз. Сонымен қатар, әдіскер-ғалымның қазақ тілін оқытып-үйретуге арналып, Тіл комитетінің тапсырысымен жазылған еңбегі – **«Күнікей және оның достары»** атты 50 сериялы мультфильм. Мұнда белгілі бір тақырыпқа қатысты лексиканы, грамматикалық тақырыпты меңгеру, әрбір лексикалық тақырыпты меңгеріп болғаннан кейін бекіту, қорытындылау тапсырмалары жүйеленіп берілген. «Күнікей және оның достары» атты мультфильм әсерлі, айқын және көру-есту бейнелерінің ақпараттық құндылығының нәтижесінде қазақ тілін оқыту-үйрету сапасын арттырудағы тиімді еңбек болып табылады.

Қорытындылай келе, профессор Ұ.О.Асанованың қазақ тілін оқытып-үйрету, оның әдістемесін жетілдіру мақсатында сіңірген еңбегі ұшан-теңіз екенін айтуға болады. Еңбектерінен көрініп отырғандай, қазақ тілінің әдістеметану ғылымында өзіндік тәжірибесі қалыптасқан, өз ісіне берілген, еңбексүйгіш, жоғары мәдениетті ғалым-ұстаз. Еңбектері Қазақстандық білім саласының оқу үдерісінде сұраныспен пайдаланылып отыр.

Құрметті әріптесіміз Ұлмекен Отарқызына мерейлі жасында мықты денсаулық, отбасына береке-бірлік, шығармашылық табыс тілейміз. Еңбегіңіз жана берсін!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін оқыту әдістемесі (өзге тілді дәрісханалардағы студенттерге арналған қосымша оқу құралы) Алматы, ҚазМЗА, 2001. – 51б.

2. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін) Алматы: «Кантана-пресс», 2012.- 400 б.
3. Кәсіби қазақ тілі: Құқықтану мамандығында оқитын орыс тілді топтарға арналған оқу-әдістемелік құрал. Астана, 2017. -160 б.
4. Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы Aruna group», Алматы қ., 2018.
5. Аудиовизуалды оқу құралы Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» университеті, 2020. – 94 б.
6. Қазақ тілі (B1 деңгейіне арналған оқу құралы) ЕҰУ, Нұрсұлтан қ., 2021.150 б.
7. Қазақ тілі (B2-1 деңгейіне арналған оқу құралы) «Булатов А.Ж.» ЖК, Нұрсұлтан қ., 2022. - 159 б.